

**ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ФАРМАЦЕВТИКА
АКАДЕМИЯСЫ**
Интерндер терапия кафедрасы

**Тақырыбы: Амбулаториялық – емханалық
көмекті ұйымдастыру мәселелері.**



Орындаған: Сарсенов Н
Тобы: 603 ТКБ

Жоспар:

I.Кіріспе

II.Негізгі бөлім

- 1. Амбулаторлық - емханалық мекемелер*
- 2. Амбулаториялық- емханалық көмекті ұйымдастыру*
- 3. Амбулаториялық- емхананың құжаттары*

III.Қорытынды

IV.Пайдаланылған әдебиеттер

Кіріспе

Амбулатория-емхана көмегі "Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 28-бабына сәйкес (бұдан әрі - Заң) фельдшерлік немесе фельдшерлік-акушерлік пункттерде , ауылдық (отбасылық) дәрігерлік амбулаторияларда, ауылдық учаскелік ауруханаларда, аудандық (орталық) ауруханалардың жанындағы емханаларда, балалар, әйелдер консультацияларын қоса алғанда аумақтық қалалық емханаларда азаматтарды тіркеген жері бойынша өзге де амбулаториялық-емханалық ұйымдарда бастапқы медициналық-санитарлық көмек (бұдан әрі - БМСК), білікті және мамандандырылған медициналық көмек түрінде ұсынылады.

Амбулатория-емхана көмегін учаскелік терапевтер, педиатрлар, акушер-гинекологтар, жасөспірімдер кабинеттерінің дәрігерлері, жалпы практика дәрігерлері, фельдшерлер, акушерлер, жеке үй-жайы жоқ медицина қызметкерлері (бұдан әрі - БМСК мамандары) және бейін мамандары көрсетеді.

Амбулаторлық - емханалық мекемелер

- ▶ Бұл мекемелердің ішінде алдыңғы орынды амбулаториялар мен емханалар алады. Емхана - келіп кететін және жағдайындағы науқастарға медициналық көмек көрсетілетін, емдеу - жағдайындағы науқастарға медициналық көмек көрсетілетін, емдеу - профилактикалық шаралар комплексі жүзеге асырылатын жоғары дамыған арнайыланған емдеу - профилактикалық мекеме, қала тұрғындарына көмек көрсетілетін негізгі амбулаторлық - емханалық мекеме - емхана болып табылады, егер ол өндіріс орындарының, құрылыс ұйымдарының, транспорт мекемелерінің қызметкерлеріне арналса, онда ол медико - санитарлық бөлім болып есептеледі.

Амбулатория - емханадан мамандану деңгейі мен қызмет көлемі бойынша ажыратылады. Мұнда негізгі аздаған мамардықтар бойынша қабылдау өтеді : терапевт , хирург , акушер-гинеколог, педиатр .

Емханаларды номенклаурасы бойынша жұмысының ұйымдастырылуы бойынша : стационармен біріккен және бірікпеген деп бөлінеді.

территориясы бойынша : қалалық, аудандық

Профиль бойынша :жалпы және тек ересектерді немесе тек балаларды қабылдайтын емханалар.



Емханалар денсаулық сақтау министрлігі бұйрығымен әрекет етеді.

Қалалық емхананың негізгі бөлімшелерінің құрылымы;

Қалалық емхананың негізгі бөлімшелерінің құрылымына мыналар жатады:

- Емхана басқармасы;

- Анықтама столы бар тіркеу орны;

- Емдеу профилактикалық кабинеттер; терапевтік, хирургиялық, травматологиялық, офтальмологиялық, отоларингологиялық, неврологиялық және физиотерапиялық.


- Реабилитация кабинеттері мен ЛФК емдеу физикалық сауықтыру, кардиологиялық, ревматологиялық, эндокринологиялық, инфекциялық аурулар кабинеті, әйелдер консультациясы.

- Дәрігерлік және фельдшерлік пункттер, диспансерлер, жедел жәрдем станциялары және т.б.

- Қосымша диагностикалық бөлімдер; рентген кабинеті, лаборатория, функционалды диагностика кабинеті, эндоскопиялық кабинет, мед статистика кабинеті, әкімшілік шаруашылық бөлімі және т.б.

Амбулаториялық
емханалық көмектің
ерекшеліктері мен
ұйымдастыру принциптері;

- Аймақтық принцип;
- Жалпы қолжетімділік;
- Профилактикалық
бағыттылық;
- Дәрігерлер мен орта
медициналық
қызметкерлер жұмысы;



Амбулаториялық емханалық көмек ерекшеліктері дәрігер жұмысының келесі факторларын анықтайды:

-Күн сайын келетін науқастың белгісіздігі:

-Дәрігердің уақытының шектеулілігі:

-Дәрігердің ауруды ерте диагностикалай білуі:

-Стационармен салыстырғандағы емханадағы аурулардың ауысып отыруы;

-Басқа мамандармен консультацияның қажеттілігі;

-Амбулаториялық емханалық жағдайда науқаста емдеу ерекшелігі;



- ▶ -Уақытша еңбекке жарамсыздық экспертизасын бар құжатқа сәйкестендіру;
- ▶ -Аймақ халықының дегельментациясы профилактикалық егуді жүргізу және ұйымдастыру;
- ▶ -Инфекциялық ауруларды ерте диагностикалау және емдеу, тағамдық және кәсіби уланулар жөнінде қауіп туғызатын инфекциялық науқастар жөнінде терапевтік бөлім меңгерушісін хабардар ету;
- ▶ -Өзінің квалификациясының және медбикенің медициналық білім деңгейін жүйелік жоғарлату;
- ▶ -Зиянды әдеттерге қарсы күрес пен санитарлық ағарту жұмыстарын белсезд және жүйелі түрде үлгеру;

Амбулаториялық емханалық көмектің негізгі түрі аймақтық принцип бойынша жүзеге асырамыз:

Дәрігерлік терапевтік аймақ тек клиницист емес, халыққа АМӘК ті ұйымдастырушы өз қызметін дұрыс атқару үшін әлеуметтік гигиена мен клиникалық медицина жөнінде хабардар болуы тиіс.

«Аймақтық емханадағы дәрігер терапевт туралы» заңнама бойынша аймақтық терапевт қамтамасыз етуі қажет.

-Халыққа емханада және үй жағдайында дер кезінде квалификациялық терапевттік көмек көрсету;

-Уланған, жарақаттанған және жедел жағдайдағы науқастарға мекен жайына қарамастан жедел медициналық көмек көрсету;

-Жоспарланған госпитализациялау кезінде науқастарды алдын ала тексерістен өткізіп дер кезінде ауруханаға жатқызу;

-Өз жұмысында профилактика, емдеу диагностикалауда ең жаңа әдістерді қолдану медикаментоздық заттар, диетатерапия, емдік дене шынықтыру, массаж, физиотерапия және т.б.

Амбулаториялық емханалық көмектің маңызды ерекшелігі емхана дәрігерінің емдеу және профилактикалық жұмыстарды жүргізу мүмкіндігі болып табылады. Амбулаториялық емханалық мекеме дәрігерлері профилактикалық жұмыс жүргізу кезінде диспанерлік әдісті қолданады. Бұл әдісті қолданудағы мақсат ауруларды ерте анықтау, науқастарды тіркеу және комплексті емдеу, аурудың таралуын болдырмау, салауатты өмір салтын қалыптастыру.



- ▶ Әрбір денсаулық сақтау мекемесінде мед персонал саны және дәрігерлік, орта және кіші мед персонал арасындағы рационал қатынас уақыт және жұмыс көлеміне байланысты қалыптасады.
- ▶ Қазіргі уақытта денсаулық сақтау мекемелерінде уақыт нормаларының сапалық есеп көрсеткіштерін кеңінен қолданады, бірақ мекеме басқарушысының хронометраждық бақылауы мен орташа шығындарын анықтау негізінде өзінің жергілікті көрсеткішін шығару құқығы бар. Уақыт нормалары жүктеме нормасын есептеу тек база ретінде қызмет етеді.

- ▶ Емхана дәрігері аптасына 5 күн жұмыс істейді. Күн сайын жұмыс уақытының 0,5 сағаты емдеу диагностикалық және профилактикалық жұмыспен байланысты емес жұмыстарға жұмсалады (конференция, жиналыс т.б.) дәрігер міндеттерінің құрылымын емхананың басқармасы бекітеді. Емхананың кейбір құрылымдық бөлімдерінің жұмысын ұйымдастыру ерекшеліктері:
- ▶ Тіркеу орны емхананың құрылымдық бөлімі мұнда дәрігерлерге қаралу үшін науқастар жазылады. Регистратурада орта білімі бар қызметкерлер жұмыс істей алады, ал регистратураның меңгерушісі болып орта медициналық білімі бар адамдар қызмет ете алады.
- ▶ Регистратура орталықтандырыған болуы мүмкін, яғни мекеме үшін ортақ және орталықтандырылмаған, яғни бірнеше регистратуралардың болуы мүмкін. Сонымен қатар науқастар дәрігерлерге өздері жазыла алады. Ол үшін арнайы столдарда кез келген дәрігерге, әр түрлі күнде және уақытта қабылдау талоны жатады. Науқас өзіне қажет дәрігерді өзіне қолайлы уақытта таңдап, өзінің амбулаторлық картасымен бірге қабылдауға келеді.

Регистраторлардың біреуі анықтама бюросы функциясын атқарады. Дәрігердің науқастың қандай аурулармен ауыратындығымен танысу үшін оның диагнозын амбулаторлық картасының алғашқы беттерінде жазылады. Регистратураның қасында емханаға қарайтын сол аймаққа кіретін көшелердің аттары жазылған стенд ілінеді және дәрігерлердің кабинеті мен этаж номері, жұмыс істеу кестесі жазылады.



Жалпы тәжірибе дәрігерінің АМӘК ті көрсетудегі негізгі міндетті:

- ❖ Халықты санитарлық ағарту, тәрбелеу, салауатты өмір салтын насихаттау, аурудың алдын алу;
- ❖ Жасырын формадағы және ерте стадиядағы ауруларды анықтау және алдын алу;
- ❖ Денсаулық жағдайын динамикалық бақылау;
- ❖ Жедел аурулар кезінде жедел көмек беру;
- ❖ Науқатарды дер кезінде госпитализациялау және консультация жүргізу;
- ❖ Емдеу және қалыпына келтіру шараларын жүзеге асыру;
- ❖ «ауру парағын беру тәртібі жөнінде» заңнамасына сай науқастарың уақытша еңбекке қабілетсіздік экспертизасын жүргізеді;
- ❖ Әлеуметтік қорғау органдры мен біріге отырып медициналық әлеуметтік көмекті ұйымдастыру;

- ▶ Отбасына консультациялық көмек мына сұрақтар бойынша:
- ▶ Иммуннопрофилактика; балаларды тәрбиелеу, емізу, мектепке дейінгі мекемелерге дайындау;
- ▶ Отбасын жоспарлау;



- ▶ Амбулаторлық емханалық мекемелерде емделіп жатқан науқастар және үйде жатқан науқастарға ақысыз дәрі алу үшін рецепттер беріледі. Мұндай науқасар тобын арнайы бұйрық бойынша анықтайды. Науқастарға үй жағдайында медициналық көмек көрсету үшін емхана арнайы дәрілермен, құралдармен жабдықталған сөмкемен дәрігерді қамтамасыз етеді. Мұндай сөмкелермен медбикелерде жабдықталады. Олар емдік процедуралар көрсетіген науқастарға және диспансерлік бақылау мақсатында науқас үйіне барады. Бөлім меңгерушісі терапевттік бөлімде 9, хирургиялық бөлімде 8 қызметкер орындары болған жағдайда бекітіледі. Қызмет орнының санын аз болса, мамандардың біреуі бұл функцияны атқарады. Бөлім меңгерушісінің функциясы: дәрігерлермен бірігіп емдеу профилактикалық жұмыстың жоспарын құрастыру; емдеу диагностикалық процессті ұйымдастыруды басқару және бақылау, уақытша еңбекке қабілетсіздердің экспертизациясы және т.б.

Емханаларда оперативті тіркеу құжаттары жүргізіледі, оның негізгі формалары:

- ▶ Науқастың амбулаторлық картасы ;
- ▶ Қорытынды диагнозды тіркейтін статистикалық талон;
- ▶ Инфекциялық аурулар тағамдық, кәсіби және жедел уланулар мен егу кезіндегі қалыпсыз реакциялар жөнінде хабарлама;
- ▶ Үйге шақыруларды тіркеу кітабы;
- ▶ Емхана ,диспансер, амбулатория, консультация дәрігер күнделігі, диспансерлік бақылау картасы;
- ▶ Мақсаттық медициналық қаралуға тиіс адамдар тізімі ;

- ▶ Еңбекке қабілетсіздік парағы;
- ▶ Госпитализацияға бағыттама талоны;
- ▶ Консультациялар мен қосымша кабинеттерге бағыттамалар;
- ▶ Қайтыс болу туралы дәрігерлік куәлік;
- ▶ Инфекциялық ауруларды тіркеу журналы;
- ▶ Құрамында наркотикалық заттар бар дәрілерді алу үшін жазылатын рецепт;

Қорытынды

Сонымен, жан-жақты білімді, отбасылық дәрігерлерді денсаулық сақтау жүйесіне енгізу қажет. Бірақ олардың дайындықтарын жетілдіру қажет. Жалпы тәжірибелік дәрігерлердің дайындықтарын арнайы жетілдіру қажет. Құқықтық-нормативтік базасын жетілдіру қажет, яғни тәжірибелік дәрігердің қызметін қалыптастыру. Амбулаторлы поликлиникалық әртүрлі халық топтарына көмекті ұйымдастыру. Амбулаторлық емханалық көмек халыққа қызмет көрсетуден бірінші орын алады. Амбулаторлық-емханалық мекемелер бірінші әлеуметтік-медициналық көмек көрсетуден алдыңғы орында.

Пайдаланылган әдебиеттер:

1. Стародубов.В.И. Первичная медицинская помощь. Состояние и перспективы развития. Монография. М- Медицина 2007
2. Руководство по медицинской профилактике руководство ред. Р.Г. Оганова Хальфина ГЭОТАР Медиа 2007
3. Медик.В.А. Санитарные потери в войнах XX века. Монография Медицина 2002
4. Справочник помощника санитарного врача и помощника эпидемиолога. Справочное издание Никитина.А.И. Зайченко. Медицина 2006
5. Организация, планирование, управление и экономика первичной медико-санитарной помощи. Монография Алма-Ата

*Назар аударғандарыңызға
рахмет!!!*